

**Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Ақтүйесай ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 2014 жылғы 28 ақпандағы N 3-21с шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 9 сәуірде N 2659 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 2021 жылғы 24 желтоқсандағы № 8-13 с шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 24.12.2021 № 8-13 с (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 39-3-бабының 6-тармағына, "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 Қаулысына сәйкес, Уәлиханов аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Ақтүйесай ауылдық округі ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Қоса беріліп отырған Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Ақтүйесай ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидалары бекітілсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*V шақырылған XXI  
сессия төрағасы  
М. Балтабаев*

*Уәлиханов аудандық  
мәслихаттың хатшысы  
Б. Кәдіров*

*Уәлиханов аудандық мәслихатының  
2014 жылғы 28 ақпандағы  
№ 3-21 с шешіміне қосымша*

**Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Ақтүйесай ауылдық округі тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы**

p/c	Елді мекеннің атауы	Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Ақтүйесай ауылдық округі ауылдары тұрғындары өкілдерінің саны (адам)
1.	Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Ақтүйесай ауылдық округі Ақтүйесай ауылының тұрғындары үшін	27
2.	Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Ақтүйесай ауылдық округі Күзексай ауылының тұрғындары үшін	3
3.	Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Ақтүйесай ауылдық округі Қондыбай ауылының тұрғындары үшін	10

Уәлиханов аудандық мәслихатының  
2014 жылғы 28 ақпандағы  
№ 3-21 с шешімімен  
бекітілген

## **Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Ақтүйесай ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидалары**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Ақтүйесай ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидалары " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 39-3-бабының 6-тармағына, "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 Қаулысына сәйкес әзірленді және Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Ақтүйесай ауылдық округі ауылдары тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің тәртібін белгілейді.

2. Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Ақтүйесай ауылдық округі ауылдарының аумағындағы бөлек жергілікті қоғамдастық жиыны (бұдан әрі - бөлек жиын) жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында шақырылады және өткізіледі.

### **2. Бөлек жиындарды өткізу тәртібі**

3. Бөлек жиын Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Ақтүйесай ауылдық округінің әкімі шақырады.

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімінің жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуге оң шешімі бар болған жағдайда бөлек жиынды өткізуге болады.

4. Жергілікті қоғамдастық халқы бөлек жиындардың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы аудандық "Нұрлы ел", "Қызылту" газеттері арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

5. Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Ақтүйесай ауылдық округі ауылдарының шегінде бөлек жиынды өткізуді Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Ақтүйесай ауылдық округінің әкімі ұйымдастырады.

6. Бөлек жиынды ашудың алдында Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Ақтүйесай ауылдық округі ауылдарының қатысып отырған және оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

7. Бөлек жиынды Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Ақтүйесай ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Ақтүйесай ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын рәсімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

8. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Ақтүйесай ауылдық округі ауылдары тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Уәлиханов аудандық мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің саны тең өкілдік ету қағидаты негізінде айқындалады.

9. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

10. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және оны Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Ақтүйесай ауылдық округі әкімінің аппаратына береді.